

ҚР ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТҮРКІ АКАДЕМИЯСЫ
А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫ АТЫНДАҒЫ № 48 МЕКТЕП-ЛИЦЕЙ

MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
L. N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY
INTERNATIONAL TURKIC ACADEMY
A. BAITURSYNOV SCHOOL-LYCEUM № 48

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ОҚУЛАРЫ – 2022
«АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ МҰРАСЫ
ЖӘНЕ ЖАҢА ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЗИЯТКЕРЛІК САБАҚТАСТЫҒЫ»
халықаралық ғылыми-практикалық конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ

PROCEEDINGS
of the international scientific and practical conference
«THE SCIENTIFIC HERITAGE OF AKHMET BAITURSYNULY AND THE
INTELLECTUAL CONTINUITY OF NEW KAZAKHSTAN»

Астана қаласы

ӘОЖ 001
КБЖ 72
А 94

Баспаға Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Ғылыми кеңесі ұсынған

Редакция алқасын басқарған: **Сыдықов Е.Б.**

Редакция алқасы: **Д. Қамзабекұлы, А. Бейсенбай, Қ. Маликов, Б. Әбдуәлиұлы** (дәстүрлі «А.Байтұрсынұлы оқуларының» үйлестірушісі), **Садықова З.Ж., Нүрәлиева С.С.**

А 94 **Ахмет Байтұрсынұлы оқулары – 2022. «Ахмет Байтұрсынұлының ғылыми мұрасы және Жаңа Қазақстанның зияткерлік сабақтастығы»** атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2022. – 322 б.

Proceedings of the international scientific and practical conference «**The scientific heritage of Akhmet Baitursynuly and the intellectual continuity of New Kazakhstan**». – Astana: L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2022. – 322 p.

ISBN 978-601-337-709-4

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде өткізілетін дәстүрлі «Ахмет Байтұрсынұлы оқулары» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция биылғы 2022 жылы А.Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл толуына арналды. Жинақта отандық зерттеушілермен қатар, түркі тілдес елдер ғалымдарының тіл, әдебиет, тарих, әдістеме салалары бойынша жасаған баяндамалары мен мақалалары жарияланып отыр.

ISBN 978-601-337-709-4

ӘОЖ 001
КБЖ 72

© Қазақ тіл білімі кафедрасы, 2022

білдіріп, білімін мойындайтын болған. Бүгінгі таңда тіпті, жат жұртқа мекен аударған қандас бауырластарымыз әлі күнге Ахмет Байтұрсынұлының қалдырып кеткен мұрасы негізінде сауат ашып, өз-ара қарым-қатынас жасауда.

Апталдай арыс тек білім саласында тер төгіп қана қоймай, саясатқа да белсенді араласқан жан. Өзінің көрегендігінің арқасында халықтың мұңын мұңдап, жоғын жоқтап, жақсы тұрмыс кешуі үшін билікке араласып, өзінің тұщымды ойларын айта білген. Оған қоса, баспа саласына да бар жанын салып еңбек еткен. Ұлт ұстазы, мемлекеттік қайраткер, үздік журналист, халқының шынайы перзенті – Ахмет Байтұрсынұлы расымен текті туған тұлға.

Әдебиеттер тізімі

1. Байтұрсынұлы Ахмет. Алты томдық шығармалар жинағы. Оқу құралы. Алматы: «Ел - шежіре», - 2013. – 384 бет.
2. АЛАШ КӨСЕМ СӨЗІ: ТІЛ МӘСЕЛЕСІ. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2014.
3. Сыздықова, Рәбиға. Ахмет Байтұрсынұлы [Мәтін] / Р. Сыздықова ; Қазақ ССР "Білім" қоғамы. - Алматы : Қазақ ССР "Білім" қоғамы, 1990. - 49, [3] б.
4. Оспанұлы Серікбай, Ахмет өскен ақындық орта: Көмекші оқу құралы. – Қостанай:Шапақ, 2004. – 204 бет.
5. Байтұрсынұлы А. Қазақша оқу жайынан //Қазақ, 16 май, №14, 1913.Б.3.

ӘОЖ 811.512.122

ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫ БОЙЫНДАҒЫ ОТЫРАР ӨңІРІ ТОПОНИМИЯСЫНЫҢ ЭТНОМӘДЕНИ СИПАТЫ¹⁸

*ҚҰРМАНБАЕВА Ш.Қ.,
педагогика ғылымыдарының докторы,
Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ профессоры,
ӨМІРБЕКОВА Ж.Қ., филология ғылымдарының
кандидаты, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ доценті.
Астана қ. Қазақстан.*

Аннотация. Этнокультурная специфика топонимов Отырарского региона Великого шелкового пути.

Автор статьи представляет лингвистические доказательства о влиянии обычаев, быта, ремесла, верования духовной и материальной культуры населения Южного региона на формирование топонимов. Автор подчеркивает социально-культурное значение топонимов Южного региона, которые сохранялись на протяжении веков и до сих пор функционируют в современной топонимической системе.

В статье анализируется этнокультурная и духовная специфика топонимов Отырарского региона территории Великого Шелкового пути.

Ключевые слова: ономастика, топоним, этника, этнокультура, регион, этнопознание, обычаи, верования и др.

Annotation. Ethnocultural Specificity of Toponyms in the Otyrar Region of the Great Silk Road

The author of the article presents linguistic evidence of the influence of customs, life, crafts, beliefs of the spiritual and material culture of the local population of the Southern region on the formation of toponyms. The author emphasizes the socio-cultural significance of the toponyms of the Southern region, which have been preserved for centuries and still function in the modern toponymic system.

The article analyzes the ethno-cultural and spiritual specificity of the toponyms of the Otyrar region

¹⁸ Мақала BR10965370 «Ұлы Жібек жолы бойындағы тарихи топонимдерді ғылымдар тоғысында зерделеу» атты ҚР БМҒ Мемлекеттік гранттық жобасы аясында дайындалды.

of the territory of the Great Silk Road.

Keywords: *onomastics, toponym, ethnicity, ethnic culture, region, ethnic knowledge, customs, beliefs, etc.*

Антропоэзектік ұстанымда (бағытта) жүргізілетін лингвистикалық зерттеулердің бір нысаны ретінде қазақ топонимиясының аймақтық (регионалдық) жүйесін қарастыру, белгілі бір шектеулі аймақ жер-су аттарының сол өңірдің этномәдени, рухани тарихымен байланысын зерттеу болып табылады. Аймақтық топонимиялық материалдар сол аймаққа ғана тән лингвотарихи, этномәдени, этнотанымдық тарихына қатысты және сонымен бірге жалпы қазақ топонимиясына тән заңдылықтарды айшықтап, аражігін көрсетіп бере алады.

Қазақ топонимикасы ғылымында топонимиялық аймақ мәселесіне алғашқылардың бірі болып тоқтаған ғалым А.Жартыбаевтың пайымдауынша: «...этникалық топонимиялық аймақ дегеніміз – өз физика-географиялық территориясы (шеңбері) бар, өз экономикалық, саяси, этнологиялық, этногенезистік, тілдік т.б. белгілерімен ерекшеленетін топонимиялық жүйе. Аймақтық топонимиялық жүйе ұлттық топонимиялық жүйенің құрамдас бөлігі, сонымен қатар өзіндік аймақтық өзгешеліктері бар жүйелік топонимикалық құрылым болып табылады. Топонимиялық аймақтың межелері әкімшілік-экономикалық құрылыстың тарихи, саяси, шаруашылық, этномәдени факторлары аймақтық топонимиялық жүйені сипаттауда назарға алынады. Сонымен қатар жергілікті тіл ерекшеліктерінің де аймаққа қатысы ескерілмек» [1, 5].

Ғалымның тұжырымдамасынан көріп отырғанымыздай, аймақтық топонимияның тілдік жүйесін, өзіндік ерекшеліктерін сипаттау және талдау үшін аталған экстралингвистикалық (географиялық, тарихи, саяси, экономикалық, этномәдени т.б.) факторлар аймақ топонимиясын қалыптастырушы алғышарттар ретінде қарастырылу қажет.

Этномәдени фактор географиялық фактормен тығыз байланыста болады, себебі этностың негізгі кәсібі, тұрмыс-шаруашылығы және соларға қатысты әдет-ғұрыптары мен этнотанымы белгілі бір географиялық ортада қалыптасады, географиялық орта оларға алғышарт және негіз болады [2, 56].

«Әр этностың өмір сүру сипаты, ұлттың рухани ерекшеліктері, ойлау ұғымдары мен бағыт-байламдарын сипаттайтын тілдік жүйесі арқылы ана тілде сақталады. Ол – әр халықтың материалдық, экономикалық, әлеуметтік жағдайына байланысты дамиды, қоғамдық санасына сәйкес негізделетін ұжымның жадында жинақталған жүйе» (Ю.Лотман). Олай болса, мәдени атауларының жүйелітілдік көрінісін мәдениеттің метатілі деп қарауға болады», деп жазады қазақ тіліндегі этномәдени атаулардан танымдық негіздерін зерттеген ғалым Ж.А.Манкеева [3, 18].

Ұлы Жібек жолы бойында Қазақстанның Оңтүстігі мен Жетісу үшін елшілік және сауда-саттық желісі ғана емес, мәдени және рухани байланыстар арнасы ретінде де орасан зор маңызға ие болды.

Ұлы Жібек жолы бойындағы өңірлердің бірегейі - Отырар өңірі. Бұл өлке көне заман және ортағасырлық дәуірлерде тек малшаруашылығымен, егіншілікпен айналысып келген өлке ғана емес, сонымен қатар оны қалалық өркениет аймақтарының құрамдас бір бөлігі ретінде тануымызға болады. Мәселен, аумағын алып қарайтын болсақ, көптеген көне қалалар мен қорғандардың, кесене ескерткіштердің т.б. археологиялық нысандардың орнын кездестіреміз.

Отырар өңірінің орталығы – Шәуілдір.

Шәуілдір — географиялық орны – өте жазық алқапта орналасқан. Оның басым бөлігін Қызылқұм құмды алқабы алып жатыр. Қазақ хандығының әлеуметтік-экономикалық орталығы болған көне *Отырар* қаласының тұрғындары XVIII ғасырдың орта шенінде тастап *Түркістан*, *Шымкент*, *Шілік* жағына қоныс аударған кезде Отырар қаласы дәуірлерде ол қаңырап бос қалды да, жергілікті тұрғындар Отырартөбе деп атап кеткен, үйіндіге айналды. Дәл осы *Отырартөбе Шәуілдір* ауылының маңында орналасқан. Яғни *Шәуілдір* ауылының орналасқан жерін ескерсек, *Ұлы Жібек жолы* бойындағы қалалардың бірі болған.

Аймақтық топонимияға әсер ететін этномәдени факторларға жергілікті тұрғындардың рухани және материалдық мәдениетінің әдет-ғұрпы, тұрмысы, кәсібі, наным-сенімдерінің ерекшеліктерін жатқызуға болады. Басқаша айтқанда, аймақтық топонимдердің ұлттық және аймақтық ерекшелікте қалыптасуына сол өлкені мекендеуші этностың тұрмысы, кәсібі, шаруашылығы, әдет-ғұрпы, наным-сенімі әсер етеді [4, 104].

Осы тұрғыдан келгенде, *Шәуілдір* атауының этимологиясы жайлы деректерде бірнеше этнотарихи оқиға нұсқалары бар. Солардың бірі: «Ат шаптырым алыстан мұнарта, қарауыта көрінетін Төрткүл дүниеге аты мен даңқы жеткен *«Ұлы Жібек жолының»* күре тамыры болған *Отырар* қаласының кішігірім таудай болып үйілген үйінді орны. *Отырар* қаласының солтүстік беткейінде *Арыстанбаб* деген әулиенің күмбезі бар. Ақшеңгел кей-кейде сыңсып, бір түрлі мұнды әуенмен жылайды. Сол жерге «Шейіт болған қыз» жерленген, сол қыздың моласының үстінде ақ шеңгел өскен деседі», - деп басталады [5].

Отырар ханы Қайырдың әскербасы інісінің жалғыз Дүр есімді қызы ақылына көркі сай қыз болғаны сонша халық: «Әскербасына жасаған ием жалғыз қыз берсе де, дүниенің тұтас байлығына пара-пар қыз берген», - деседі. «Ер тұлғалы, батырға лайық кейпі бар. Бұл өзі Қайырдан өткен хан болар», - деп баға берілген Қайыр ханның ұлы Шәмил Дүрмен түйдей құрдас болып, екеуі бірге өседі. Қайыр ханның дұшпандары хан мен інісінің халықты бірлікте ұстағанын көріп, оларды тек айламен жеңу керек деген шешімге келіп, іштен, хан сарайынан жау тауып, Қайыр хан саят құрып жүргенде, екі жасты алдап-арбап шарап ішкізеді екен. Оны естіген Дүрдің әкесі: «Күнәһардың бірі сіздің, бірі менің перзентіміз, екеуін де жас боран етіп жазалау керек», - дейді де, екі жасқа жаза қолданылады. Онда қақпа аузында жазалаушы әскер атқа мініп, қылышын қолына алып, сап түзейді. Қылмыскер екі жас жүгіріп атқа мініп, қала ішінен шауып шығуы керек. Шәмил аман қалғанмен, әскер қолынан өте алмаған Дүрдің басы кесіліп, Арыстан бабқа тастайды да, сол жерге жерленеді. Шәмил үшті-күйлі жоқ болып кетеді де, халық бұл мекенді «Шәмил-дүр» кейін, «Шәуілдір» атап кетеді екен.

Отырар өңірі киесі мол жер деп айтуымызға болады және де осы рухани феноменнің басты себебіне жоғарыдағы келтірілген дерегіміз дәлел бола алады. Мәселен, *Арыстанбаб* кесенесіне яғни, әулиелі жерге адамдар осы күнге дейін мал сойып, құран оқытып, түнеп, кесененің жанындағы құдықтан тілек-ниеттерін айтып ащы суын ішіп жатады. Көп жағдайда денсаулығы болмай жүрген кісілер, бала көтермеген әйелдер сиынып, тілектері қабыл болып жатады. Жергілікті тұрғындардың және зиярат етушілер *«Арыстанбаб* кесененің ішінде түнеп, тілектерін айтса, ауыртпалығы мен дертінен айығады», - деген ұғым-түсініктер бар.

Ал тағы бір нұсқасында: «Кімде-кім қалаға су жеткізетін болса, соған қызымды беремін», - деген Мұрындық ханның айдай сұлу Дүрия деген қызы мен ханның жылқысын бағатын Шәмил екеуі бір-бірін құлай сүйеді. Сезімін айтса, өлім жазасына кесілетінін білетін Шәмил хан шартын орындамақшы болып, қаншама қиыншылықпен Арыс өзені жағасынан отыз шақырымдай арық қазып, хан ордасы – Бұзық қаласына су жеткізгенде халық ризашылығын білдіргенмен, хан өз уәдесін орындамай Отырарға қоныс аудармақшы болады. Алайда Шәмил оларды Отырарға жеткізбей, Дүрияны алып қашады да, ну орманды паналайды. Халық оны кейін «Шәмил мен Дүрияның ауылы» деп атап кетеді. «Шәмилдүр» дыбыстық өзгерістен «Шәуілдір» аталып кетеді екен. Яғни бұл екі нұсқа да тарихи әрі халық аузынан бізге жеткен мұралар нәтижесінде келді. Екеуінде де көтерілген басты тақырып - екі жастың сезімі, алайда ер адамның әлеуметтік жағдайы нашар болып, әке шешімімен бір-біріне қосыла алмауы. Екі жастың бір-біріне қосыла алмауы – қазақ қаламгерлерінің XX ғасырдың басына дейін де өзекті тақырып шеңбері болған болатын. Әйел мен еркек, бай мен кедей – бір-біріне қарама-қайшы болғанымен, соншалықты тығыз байланыстағы семантикалық ұғымдар.

Тағы бір дерек бойынша, Шәуілдір Махмуд Қашқаридің "Диуани Лұғат ат-Түрік" сөздігі мен Рашид ад-Диннің "Жылнамалар жинағында" кездеседі. Қашқари кітабында оғыздардың 22 руы айтылған, солардың бірі джувалдар екен. Бұл ру Рашид ад-Диннің еңбегінде де бар. "Джувалдар" сөзі "намысты, даңқты" дегенді білдіреді. Ал "джувалдур" деген "даңқы шыққан" тіркесін білдіреді екен. Бүгіндегі Шәуілдір сол сөзден шыққан болуы мүмкін деген дерек бар.

Ал бұл сөз атау емес, лексикалық сөз ұғымында: «сын есім. Дәріпті, атакты, әйгілі, даңды, даңқты, сараман, айтулы, сыңғыр», - деп беріледі [6,320].

«Шәуілдір» атауының этимологиясына тоқталсақ, ғалым Е.Қойшыбаев: «Шәуілдір - түркінің этникалық топ атауы. **Чаулі** тұлғасына - дер қосымшасы (көптік жалғау) жалғанған атау. Бұл атауға негіз болған этноним **Чаудір** түрінде қазіргі түркімен халқының сөздік құрамында сақталған», - делінеді [7, 189].

Чаулі деген сөз қазір Қазақстанның кейбір аймақтарында Жамбыл, Шу өңірлерінде қолданылады да: «ағаштан тоқылып істелген кәкір, кепсер», - деген мағынаны береді екен [7]. Яғни бұл топоним сонау түркі заманынан сақталып келе жатқан, көне түркі дәуіріне тән халықтық географиялық атау деген болжам бар.

Отырар өңірі топонимиясы қалыптастырған этномәдени факторлар қатарына малшауашылығымен қоса егін шаруашылық (отырықшылық) факторында жатқызуымызға болады. «Орта Азия мен Қазақстан табиғаты жерінің кеңдігі жер өндеуге және көшпелі малшарушылығымен айналысуға мүмкіндік берген. Ондағы жеміс ағашы мол тау, тау етектері мен өзен жағалаулары жер өндеуге ертеден-ақ тиімді болса, шөл менн сайын далалардың жайылымдары мал асырауға қалыпты болған. Ал ылғалы мол тау бөктерінде жер өндеуге де мал жаюға да болады» [8, 28].

Осы тектес топонимдердің бірі - **Шілік**. **Шілік** атауы - қазақ тіл ономастикалық кеңістігіндегі түркі халқы мәдениетінде айрықша мәнге ие феномендік атау.

«**Шілік**» – гидронимінің семантикасы мен этимологиясының басқа да нұсқалары бар. Түрколог, ғалым В.В.Радловтың пікірінше, «чилик» сөзі отынға жарамды өсімдіктерді білдіреді. **Шілік** өңірі топонимиясының өзіндік, аймақтық кейпін қалыптастырудағы географиялық фактордың мәні мен маңызы ерекше. Жалпы алғанда, осы өңірдің географиялық фактордың, ортаның қоғамға әсер етуі, табиғи және өндірістік территориялық кешендер мен оның жеке түрлері жатады [9].

Көптеген топонимдер тәрізді «**Шілік**» атауы да жергілікті ботаникалық жағдай мен географиялық белдерге байланысты. Өзен-көл атауларынан бұрын тоқталған «**Шілік**» дерегін тыңдай келе, әфсана негіздері «мүмкін» деген пікір пайда болады. Өйткені, тал туысты **Шілік** шөбі негізінен ботаникалық жағынан зерттеу негізінде алабота туысы болғанымен, қазіргі **Шілік** өңірінде қалың өсетін «**Қамыс**» тал туысты шөбіне қатты ұқсаған деген де сөздер бар. Ал, мұнда халық қалай шоғырланды дер болсақ, ол туралы да бірнеше вариантты әңгімелерді кездестіре аламыз.

Шежіреші Есжанов Дұрманның (1931-2015 ж.ж.) деректерінде осыдан 200-250 жылдай бұрын (яғни, 1750-1800 ж.ж.) Қоқан хандығының қызметкері Тұрғанбай датқаның ұйымдастыруымен Арқа – Сыр бойы қазақтарын (негізінен қыпшақтар) отырықшы етпек ниеттен бүгінгі **Шілік** елді мекені пайда болған. Шежіреші Есжанов Дұрманның тарихи материалдары мен деректері 2010-2011 жылдары аудандық «Отырар алқабы» газетінің әр санында жарияланып отырды [10]. «**Шілік**» елді мекені сулы жер, нулы жер және сол су аралығында төрт түлікке бай әрі егіншілікке, отырықшылыққа бейім ел болған. Көне деректерде «**Шілік**» тоғыз жолдың торабында орналасқан қала тәрізді қалашық болған. Оның дәлелі, көне медіресе орыны (бүгінгі жаңа «Меңлібай баба мешіті» орыны) мен кеңес кезеңдеріне дейінгі аралықта өмір сүрген ел аузындағы «қайнаған базар сөрелері». Отырар мұражайына әкетілген дар ағашы мен су диірменінің тасы және де Есжан атаның «Зығыр майын» шығарған ағаш ұстындар да бүгінгі күнге дейін аңыз болып айтылып келеді. **Дар** ағашына ұрлық-қарлық еткендер мезетінде үкімсіз өлім жазасына кесілген деген де әңгімелер бар. «**Шілік**» осы Тұрғанбай бастаған отырықшы халыққа дейін де «**Шілік**» болып аталған деген дерек көп. Ортағасырлық қала орыны бүгінде «**Бұзықтөбе**» деп аталады. Ол қазіргі Ақтөбе ауыл округінің солтүстік шығысына қарай 1,5 км. жерде. 6-7 ғ. қалаға айналған **Бұзықтөбе** тек 10 ғ. жазбаларда ғана осы атаумен кездесе, Ортағасырлық ғалым Мұғтахар әл-Мақсидидің шығармаларында қала ірі сауда орталығы ретінде 14-15 ғ. аты шығып, сол кездері **Шілік** атауымен аталған [10, 136]. Бұдан түйер ой 17-18 ғ. дейін де, **Бөген** өзенінен бастау алатын көл жағалай орныққан 14-15 ғ. қаланың

Шілік атануы бекер емес. Себебі, бүгінгі *Ескі Шілік* сол көлдің орнында орналасқан. Яғни, араға үш ғасыр сала өз тұрғындарымен *Шілікке* орныққан Тұрғанбай сол кездегі тартылған көл орнына тұрақтаған десек болады. Қандай жағдайда да, 18-19 ғасырдағы «*Шіліктен*» де бұрын бұл мекенде тыныс-тіршілік болғандығы айқын. Яғни, «*Шілік*» өз шежіресін тас дәуірінен бастап, бүгінге дейін жеткізердей деректер көзі тек әфсаналарда ғана емес, ғылыми зерттеу нәтижелерінде «Отырар энциклопедиясы», Отырар археологиялық экспедициялар тағы басқа да деректер дәлел бола алады. *Шілік* топонимиясының табиғи ерекшеліктерінен көрініс беретін жергілікті топонимдер сонымен бірге аймақтық топонимияның тілдік ерекшеліктерін сипаттайды. *Шілік* феномені бұл өте көне, қоғаммен бірге жасасып, оны жақсартуға атсалысып келе жатқан қасиетті құндылық. Феноменнің тұрақтылығын қамтамасыз ететін, рухани негізін, рухани ортаны жоғалтпай сабақтастық орын алған. *Шілік* топоним феноменінің мәдени-философиялық тұрғыдан, дүниетанымдық, діни әулеттері жоғары болғандықтан, сол себепті қазақ халқының рухани мәдениеті мен тарихында қайталанбас өз орны бар десек те болады. *Шілік* өңірінің рухани феномені өз жалғасын тауып, күні бүгінге дейін сақталған.

Қорыта айтқанда, Отырар өңіріндегі топонимдерді зерттеу, талдау негізінде біз осы өлкедегі тарихи нысандардың, атаулардың ғылыми-танымдық қасиеттеріне біршама көз жеткіздік. Сондай-ақ оңтүстік өңірде көне реликтілік топонимдердің ғасырлар бойы сақталып, күні бүгінге дейін қазіргі топонимдік жүйеде қызмет етуі, біріншіден, оның аймақ өмірінде әрқашан үлкен мәдени-әлеуметтік маңызға ие болғандығы мен Ұлы Жібек жолының бойына таяу орналасуы, екіншіден, жергілікті түркі тілдік негіздің әр кез басым болуымен түсіндіріледі.

Аталған мақала Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігі бекіткен BR10965370 «Ұлы Жібек жолының топонимиясын ғылымдар тоғысында зерделеу» атты мақсатты бағдарламалық жоба аясында жазылды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Жартыбаев А.Е. Орталық Қазақстан топонимиясының тарихи-лингвистикалық, этимологиялық және этномәдени негіздері: филол.ғылым.докт...автор.рф.: 10.02.06.- Алматы, 2006. - 44 б.
2. Таспولاتов Б.Т. Қазығұрт топонимдері. Монография. –Шымкент, 2016. -168 б.
3. Манкеева Ж.А. Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері. –Алматы: Жібек жолы, 2008, -356 б.
4. Ахметжанова Ф.Р., Әлімхан А.Ә. Қазақ шығысының жер-су аттары. –Өскемен.: ШҚТУ, 2000. - 104 б.
5. Бабалар сөзі [Мәтін]: жүз томдық: Қытайдағы қазақ фольклоры; дайын. С.Қосан, А.Ақан, О.Егеубаев; жинағ. О.Егеубаев; ред. алқасы: С.Қосан [ж.б.]; Әдебиет және өнер институты- Астана: Фолиант, 2006. – (Бабалар сөзі. – 9965-35-105-8, 9965-619-60-3 (мұқ.) - Мәдени мұра. Библиогр.: 372 б. 28-том. Тарихи жырлар– 376 б. (мұқ.)
6. Қайыржан К., Сөз - сандық: Қазақтың көне сөздері. - Алматы: "Өнер" баспасы, 2013. - 480 бет.
7. Қазақстанның жер-су аттары сөздігі [Мәтін] / Е. Қойшыбаев, - Алматы : Мектеп, 1985. - 256 б. Библиогр.: б. 246-256 - 3 600 дана.
8. Тілеубердиев Б.М. Оңтүстік Қазақстан топонимдерінің этнолингвистикалық лексикасы. – Алматы: Шапағат-Нұр, 1999. – 119 б.
9. Отырар. Энциклопедия. – Алматы. «Арыс» баспасы, 2005 .-227 б.
10. Есжанов Д. «Шілік шежіресі» туралы, «Отырар алқабы», 2005-06 ж.ж.